

Гүлнар Сейтенқызы



ББК 84СБ

С.28

Гүлнәр Сейтенқызы  
Әкеме:-Көкшетау, 2003ж.

36 бет

Гүлнәр Сейтенқызы Қасым - ағартушы – ғалым, ұстаз жазушы Сейтен Сауытбековтің қызы, мамандығы – биолог.

Алайда, “Ұяда не көрсен – ұшқанда соны ілесің” демекші Гүлнәр Сейтенқызы да сөз өнерінен кенде қалмапты. Оның оқиғаны саралау, әсер - сезімді өрнектеп жазу машығын байқау қиын емес. Ең бастысы оқырманға адал сезім, періште пейіл, өмір өнегесі ұсынылады. Ал өлеңдерінде автор ақшұақ көңіл толқынын ақ моншақтай төгіп, әдемі өреді.

Көкшетау, 2003 жыл



**Мейрімді әке құшағындағы алаңсыз балалық шақ.  
Мен 3-жастамын.**

# Әке

Әке мен ана адамзат үшін тіршіліктің көзі – күннің сәулесіндей мәңгі жылу, жарық беретін құдірет иелері. Осіп - өніп шыққан дәннің өзі де, себілген тұқымына, жерінің құнарлығына байланысты ғой. Сондай құдіретті жандардан жаратылған өзімді бақыттымын деп есептеймін. Ұрпақтарымның бойынан бүкіл ата – анамның ұлы қасиеттері табылса екен деп тілеймін. Ұзақ жылдар тату – тәтті ғұмыр кешіп, адал махаббаттарын аялап, алдарына шырақ қылып ұстаған ерлі – зайыпты адамның тағдыры тұтасып, ұлыланып, бірігіп кетеді екен. Сондай үлгілі де өнегелі, салихалы сара жолмен қырық жеті жыл қол ұстасып менің ата –анам өмірден өтті. Арттарындағы ұл – қыздарына, шәкірттеріне, халқына өздері өткен өмір жолдарын үлгі - өнеге етіп тастап кетті. Алты жыл арманға айналған ардақты әкемді ойласам, жиырма төрт жыл сағыныш сағымынан аяулы анамды іздеймін, сағынамын. Жетіспейтін, орындары толмайтын асыл жандарды жүрегімнің ең тереңінен, көңілімнің биік көгінен іздеп өтемін.

Әсіресе, мына күрең түсі, көлеңкесі көбірек өзіңе де, өзгеге де түсініксіз осы өмірде, орны ойсырап ойымнан шықпайтын, асқар тауым, ақылшым жан әкем, ұлағатты ұстазым – Сейтін Лиманұлы Сауытбеков.

Тақырыбым ата – ана дастаны болғасын әке тұлғасына бөлек тоқталайын. Қаламым аяулы анамды әкемнен бөлгісі келмейді...

Ақын әкеме еліктеп, ұқсаңқырап “Әке” атты жыр шумағымда былай деп жаздым:

Кемеңгерім, данышпаным,  
Заманыңнан, қалыспадың.  
Ақындық пен ұстаздықтың,

Туын ұстап, ғарыштадың!

Мен әкемнен “Адалдық” атты алтын көпірдің адал ақ жолға апаратынын түсіндім. Ол айтқан “Шындық”, - атты шыңырау шыңның басына шығып ақ пен қараны айыра білдім.

Мен төрт баланың анасымын. Бала тәрбиесі жайында өмірімде үлкен “энциклопедия” сияқты болып қалған әкем – Сейтанның, анам – Зүбираның бізге берген тәлім – тәрбиесі, үлгі - өнегесі ұрпақтарына деген шексіз сүйіспеншіліктері болды. Балаларымызды өмірдің көшінен қалмау үшін, әке көрсеткен, “Оқу”, “Білім”, “Еңбек” жолдарына жетелейміз.

Біздің қазақта “Ұяда нені көрсен, соны ілерсің”, “Тегі оңбай, өзі оңбайды”, т.б. – деген тәрбиелік мәні зор нақыл сөздер көп қой. Иә, менің бүгін өскен, ұшқан ұяма алғысым шексіз!

Арманым - ұл-қыздарым әкемнің ұрпақтары тереңнен шыққан “Тектілік” туын құлатпай биік ұстаса екен деймін. Менің жанұямда “атаң айтатын”, “әжең айтатын”, - деген ескерту, мағынасы үлгі - өнеге болатын сөздер жиі естіледі. Әкем Алматыдан жыл сайын демалуға Бұрабайға “Оқ - Жетпес” санаториясына келетін, соңғы рет келгенде 88 жаста болатын. “Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпес”, - дегендей жасы тоқсанға жақындаған шағында денесін тік ұстайтын, әдемі таяғына онша сүйенбей ширақ жүретін. Әкем көрікті, сұлу адам еді. Қанша барсақ та маңайында толған демалушы адамдар, солардың ортасында әңгіме айтып отырған әкемізді көріп, қуанып, іштей мақтанатынбыз. Ол кісі ақын – жазушылармен әдебиет жайында, жастармен осы өмір проблемасын, өзі сияқты қариялармен діни тақырыпта, құран жайында қызық әңгімелер айтатын. Қауым ұйып тыңдайтын, қадірлеп силап бөлме – бөлмелеріне қонаққа шақыратын. Адрістерін беріп, қимай қоштасатын.

Осы тұста халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың Ал-

матыда 80 жылдық мерей тойына арнап жазған өлеңінде:

Ақсақал – шал емес тек көп жасаған,

Ақсақал – парасатпен жолдас адам.

Ақыл сөз, ерлік ғұмыр, өнеге - сол,

Жас болсаң, жолын тосып, жалғас оған. - деген еді ақын аға. Адам таудың қасында тұрғанда қаншалықты биік екенін білмейді ғой. Қасынан кетіп, алыстаған, сайын шыңның басы айқындала көрініп, биіктігі өсе береді. Мен “Асқар тауымды” өзі барда “әке” - деп қана қараған сияқтымын. Бала болып еркеледім, өкпеледім, арқа сүйендім, өзім ана болсам да “кұлыным”, “ботам”, “қызым”, - деген сөздерге масаттандым. Ал, сөйтіп бақыттан басым айналып, әкенің басқа қасиеттерін, соқыр балапан көзбен көрмей жүре беріппін. Ақылын айтып, ана болған қызынан айналып, толғанып отыратын әке мәңгіге кеткелі оның бейнесі алыстаған сайын ұлыланып ұлы тұлғаға айналды. Ата – анаммен өткен есімдегі әр күнімді, жылымды ұрпақ тәрбиесі үшін пайдалансам, ол менің ата – ана алдындағы қарызы өтелген перзенттік парызым деп санаймын.

# Қуырылған бидай

(Болған оқиға)

Үйге берілген тапсырманы жазып отырғанымызда ойымызды шылдыр ете түскен қоңырау дауысы бөліп жіберді. Дәптерлерімізді жаба салып, асыға есікке қарай ұмтылды. Ұл – қыз болып, топ – топқа бөліне қалатын он, он – екі жастағы балалардың әдеті ғой. Ол кезде үзіліс уақытында әр бала үйінен әкелген бір үзім нан, бауырсағын, кәмпит, күртын бөлісіп жейтін.

Қазір сол кез балғын балалық шақтың қызық базарындай болып елестейді. Сондағы бөлістен маған тиген тағамның дәмі, ерекше дәмді, тәтті болушы еді. Мен арасына май жағылған күлше нанымды сөмкемнен ала салып, бір қызды іздеп жүрмін. Ол – қыз Майра менен бір жастай үлкендігі бар, көрші тұрамыз. Мені көре салысымен ол жақын келіп “қолыңдағы нанның бәрін берсең, мен екі уыс бидай беремін” - деді. Мен қолымдағы нанымды ұсындым. Майра қалтасынан кішкене уысына толтырып екі уыс қуырылған бидайды менің кофтамның қалтасына салды. Мұндай айырбаста “менікі артық, сенікі кем”, - деген бөтен сөздер болмайтын. Мектептен келгенде анам: “Гүләтай, қарның ашқан жоқ па, үзілісте мен сөмкеңе салған нанды жедің бе, ботам?”, - деп сұрады.

- Иә, жедім, мама. Ертең мына пісірген бауырсақтан көбірек салшы, - дедім.

Анам бетіме күлімсірей қарап:

- Жарайды жарығым, жесең болғаны, салайын. Ап – арық болмай, кішкене толсаң болар еді. Ана бірге ойнайтын жолдас қыздарыңа қарашы, тып – тығыршықтай, мен соларға сүйсіне қараймын. Тәттіден басқа тамақты жегің кел-

мейді, өте аз жейсің. Әйтеуір мектепте қарнын ашпай апарған наныңнан жеп жүр екенсің, оған да тәуба, - деді.

Ата – анам үшін басқа балаларынан менің орным бөлектеу болды. Олар үй болып қосылғанда әкем 23 – те, анам 14 жаста болыпты. Тұңғыштары Зейнет пен Роза апаларымның арасында бір қыз бала, маған дейін бір ұл төрт қыздарынан айырылып, үлкен қайғы – қасіретке душар болады. Адам болып өсіп қалғанда, екі қыздары мектепке барып жүргенде қайтыс болып кеткен. Ал Ерболат атты ұлдарын сүм соғыстың салдарынан жоғалтып алады. Соғыс жүріп жатқан кез. 1942 жылы ауылдан 40 шақырым жерде әйелдер мен жасөспірім балалар егін басында жұмыс істейді. Таңертеңнен кешке дейін жұмыс істеп, Отан соғысының ауыртпалығын ол да бірге көтереді. Үйде ауру әже мен ата, екі жастағы Роза, бар болғаны жетідегі Зейнет апамның қолына қарап қалады. “Балалық балғын шағын соғыста қалдырған Зейнетімнің еңбегі ерлікпен тең, ол менің өмір бойы оң қолым болып келді,” - деп есіңе алушы еді әкем.

Анам егін басында сәбиіне суық тигізіп алады. Жата-тын жерлері ашық – тесік қора болғасын, қасында отырып бағуға уақыты да жоқ, баланың жағдайы күннен күнге нашарлай береді. Бригадирден тығылып емізіп, ауызына су тамызып отырыпты. Баланың жағдайы ауырлап бара жатқан соң, ауылға апару үшін бригадирден көлік сұрайды. Жағдайын айтып жылап жалынады, ол көнбейді. Сонда сәбиін орай сала бауырына қысып, 40 шақырым жерге жаяу кетеді. Орта жолда өгіз жеккен бір кісі арбасына мінгізіп үйге әкеліп салады. Күн батып кетсе керек, жөргектегі баланы ашып қараса әлсіреп жатыр екен. Аузына су тамызып, емшек сүтін бермек болған ана күйіп – жанып жатқан сәбиіне ешқандай көмек жасай алмайды. Бір жасқа жақындап қалған аппақ сүйкімді ұлынан таң алдында айырылып қалады. Екінші



күні күрек ұстай алатын шалдар баланың қабірін қазады, қазылған қабірдің бетіне салатын “бетағаш” сұратып анам жеті жасар қызын бригадирге жібереді. “Сонда “ағаш жоқ”, - деп бермеді, мен қатты жылап үйге келдім” - деп есіне алады ол кезді Зейнет апам. Әкем соғыста, бұл сұмдық жағдайды білмейді. Анам байғұс: “уақытында бастық көлік беріп, аудан орталығына апарғанда, дәрігерлерден ем алып, баланы өлімнен алып қалуға болар еді. Атаңа нәлет, тас жүрек бәләнше,” - деп жылап отыратын. Ол кезде сондай шолақ белсенділерден халық көп жапа көрді ғой. Атын жазбай – ақ қойын, ағамның сәби кезінде өмірден кетуіне себеп болған адам да, “О дүниелік” болған. Ол кісінің ұрпақтары ұялып, намыстанып, қорланғаннан басқа жауап бере алмайды ғой. Осындай сұмдық заманды бастарынан кешірген, тек қайғы – қасірет көрген ата – ана мені еркелетпей қайтсін!. Анам байғұс: “Қатарынан алты төмпешікті құшақтатып, зарлатып қойған құдай, аяған шығар сені берді, тоқтатты ғой”, “жеті” - деген киелі сан, әлсіз болсаң да адам болып кеттің ғой. Сенде, құлыным бір қасиет бар, артыңнан бір ұл, екі қыз ерді – деп айтып отыратын. Жан ұяда бауырларымнан дәрежем биіктеу болды (күлкі). Ең тәтті, дәмді тағамдар мен үшін бөлек тұратын, оған таласып, ешкім сұрамайтын. Үй жұмыстарын менсіз істей беретің, өйткені кейбір шаруаларды мен білмейтінмін. Менің бетіме қарсы ешкім келіп көрген жоқ. Әкем облыс орталығы - Қызылжар қаласына, ауданға барған сайын ауылда жоқ тәттілерді әкелетін. Алғанда жәшіктеп алады екен “Гүләтайымның тамағы,” - деп, машинадан түсіріп жататыны әлі есімде. Мен қуанып, еркелеп, мақтанып тұратынмын. Әкемнің мойнына асылып алдына отырғанда: “Сенің 1 күндік нормаң 7 шокалад, тамақты жақсы ішсең одан да көп береміз” - дейтін. Осылай өскен мен анам аясын ба, мектепке бара жатқанда сөмкемнің бір

бөлігіне бауырсақ, тәтті тамақтар салып беретін. Ал, мен класта тәтіден басқасын үлестіріп, бөліп беретінмін. Үзілісте Майраны іздеп жүр едім, қасыма Айгүл келе қалды. “Менде қуырылған бидай бар”, - деп, уыстап өз қалтасынан менің кофтамның қалтасына сала бастады. Айырбасқа қолымдағы ораулы тағамды бердім. Неге екенін білмеймін мен үшін қуырылған бидайдың дәмі тәтті болып көрінетін. Сабақ бітіп мектептен келе жатқанымда, бізден екі класс жоғары оқитын Назым:

- Гүлнәр, күнде мектепке әкелген тамағыңды өзің жемей басқаларға жем болып жүрсің. Олар кезекпен сені аңдып, үйден әкелген тамағыңды бидайға айырбастап жейді. Сен осылай жем болғанша біздермен бірге астық қоймасына неге бармайсың?. Барсаң кешке жақын біздің үйге кел, бәріміз бірге барайық – деді. Мен келісе кеттім.

- Назым, мен үйден қандай ыдыс ала шығайын?

- Көрінбейтін дорба, не маманның бас орамалын бүктеп ала сал. Қайда баратыныңды ешкімге айтпа.

- Жарайды, тез келемін, - деп үйге жүгіре жөнелдім. Тамағымды тездете ішіп, анама:

- Аз уақыт қыздармен ойнап келейінші, – деп өтіндім.

- Көп айналма, оқитын сабақтарың бар ғой - деп, рұқсатын бере, шығып кетті. Ас ішіп отырғанда көзім ілулі тұрған маманның бас орамалына түсті. Тез арада жақсылап бүктеп қалтама салып алдым. Жүгіре басып Назымның үйіне келсем, қыздар мені күтіп отыр екен. Көп бөгелмей қоймаға кеттік. Астық қоймасына қоршалған тақтайлардың арасынан өзіміз сиятын кендеу тесіктен кірдік. Үйдей – үйдей үйілген астық. Қарағанда күнмен шағылысып көз алдына ертегінің “алтын тауларын” елестетеді. Сол “алтын тауларды” элеваторға әкетуге келген машиналардың саны қаншама десеңізші! Санап үлгері алмайсың, сапта тұрған сарбаз-

дарға ұқсайды. Бастарына ақ орамал байлаған қыз – келіншектер қолдарындағы жалпақ ағаш күрек пен сары бидайды биікке лақтыра машиналарға тиеп жатыр. Қырман басындағы керемет ғажап көріністі өнерпаз, биші, суретші, жүрек сезімінен

шыққан туындыларын “Алтын астық”, “Туған ауылым”, “Қырман басында”, - деп атар еді. Осындай көріністі сүйсіне тамашалап тұрғанымда қасымдағы Назымның дауысы бөліп жіберді.

- Бұқ басынды, көрінбей отыр, - деді.

Қарасам қыздар әкелген дорба, шүберектеріне бидайды тез – тез салып жатыр екен. Мен де орамалымды жайып уыстап салып жатып, Назымға сұрақтар қоюдамын.

- Неге тығыл дейсің, біздер ұры емеспіз ғой?

- Неге тесіктен кірдік, күзетші тұрған есіктен кірмей?

Ол саспай жауап берді.

- Бұл ұрлық болмайды, көрінбесек болғаны. Біздер кішкене дорба, орамалдарға ғана саламыз. Өне, қарасаңшы таудай үйіліп жатқан астықтарға, ал біздің алғанымызды салыстырсаң тауыққа шашқан бидаймен тең.

Иә, құрбыларымның айтуы бойынша бәрі дұрыс сияқты. Қыздар үйге кетуге жинала бастады. Ақырын дауыстарын шығармай кірген жерден бір – бірлеп шығып жатыр. Мен де орамалымды түйіп байлап, олардың артынан шықтым. Үйге мектептің қасындағы жолмен келе жатырмыз. Шаршасамда келе - сала анама бидайды қуырттым. Назымның үйіне әкелді деді ме, өйткені оның шешесі қырманда істейтін, қалай ойласа да ештеме сұраған жоқ. Тез арада кішкене қазанның астына от жағып жіберді. Май салып бидайды былғай бастағанда, даладан әкем кіріп келді. Неге екенін білмеймін қорқып кеттім. Қабағы түйіліп кеткен, үлкен көздері өткірленіп, қатулана:

- Мына бидайды кім, қайдан әкелген? – деп сұрады.

- Мен, - дедім анамның артына тығылып. Бұрын әкеден мұндай суық дауыс естімеген менің деңем дірілдеп, жылағым келіп кетті.

- Ал, анасы, сен неге сұрамадың? Балаңның қайдан, кімнен алғанын білесің бе? Қызымыздың ұрлық жасап келгенін? Сен мемлекеттің астық қоймасынан ұрланған бидайды қуырып отырсың, - деп анама қатулана қарады. Мен одан сайып қорқып барамын, зәрем жоқ. Анам байғұс сасқалақтан:

- Құдай атын сұрамапшың да, Айманның қызы Назымнан өкелген шығар деп ойлағанмын. Ол келіншек ТОК – та жұмыс істейді ғой. Қуырылған бидайды қызық көріп сұраған соң, бір жағынан шекілдеуіктен таза, дұрыс қой деп ойладым, - деп қазандағы бидайды тостағанға қотара салды. Мені жақтап, қорғап әкеме қарсы бір ауыз сөз айтпастан далаға шығып кетті.

Біз өскен жанұяда, бала тәрбиесі жөнінде педагогикалық заңдылық, ата – ана арасындағы үндестік қатты сақталушы еді. Анамыз ұрысып, ренжіп ақылын айтып немесе шапалақтары жұмсақ жерлерімізге тиіп жатқанда әкеміз біздерге ара түсіп, жақтамайтын. Біздің алдымызда бір – бірінің беделін түсірмейтін. Осы жолы да анамның үнсіз шығып кеткені сол себептен болатын. Қанша уақыт өткенін білмеймін. Әке мен бала арасындағы үнсіздіктен көп қасиетті сөздердің мәнін түсіндім. Олар: адалдық, тазалық, жауапкершілік, ар – ұят еді. Бұл үнсіздіктен таза ұққаным, түсінгенім, қара әріптер мен ой – санама мәңгілік жазылған өтірік, ұрлық жамандық атты адамгершілікке қайшы келетін ұғымдар еді. Әкем: “Өз қателігін мойындау – ерлік” - деуші еді. Мен он жасымда сол ерліктің не екенін түсіндім. Ой – санамды ерлікке жеткізген, бала жүрегіме адалдықтың сәулесін күннің көзіндей шаша білген әкем еді. Өзім іштей арпа-

лыста тұрмын, шіркін қателескенде уақыт керісінше шегіне қойса ғой деймін, осындай жаман жағдайлар болмас па еді. Сасқанымнан, қысылғаннан ойлаған балалық шақтың қиялы ғой. Уақыт кейін айналып шегіне берсе, оңай жолмен қателіктер жабыла берсе ешқандай адамда жауапкершілік деген ұғым болмас па еді. Алғашқы қателікті бар болмыс, ой – санаңмен, жүрегіңмен түсіне білу, балана түсіндіре білу, келешекке деген адалдықтың кепілдігі, адамгершіліктің алғашқы баспалдағы. Арадағы бітпестей болып көрінген үнсіздікті әке дауысы бөліп жіберді. Алғашқы кездегі қаттырақ шыққан дауысы бәсеңдеген, қиын сабақты түсіндіріп тұрған ұстаздай байсалды қоңыр жұмсақ дауысымен:

- Қызым, өте ұят болған екен. Енді өз қатенді өзің түзе. Ол үшін мына бидайды қоймаға барып төгіп кел. Ұрлықта аз – көп, үлкен – кіші деген болмайды. Ұрықсатсыз алынған зат, ұрлыққа жатады. Соны ұқ! Күзетшіден кешірім сұрауды ұмытпа, - деп шығып кетті. Таусылып бара жатқан демім қайта жалғасып, жүрегім жана соға бастағандай болды. Тездетіп тостағандағы бидайды қайтадан орамалға аудара салдым. Темір тордан босанған балапандай, ТОК – қа қарай жүгіре жөнелдім. Жүгіріп келем, қуырылған дәннен аузыма салмағанымға қуанып келем. Орамалдағы бидайды екі қолыммен ұстап, кеудеме қатты қысып қоямын. Өйткені қырманнан қайтқанда, орамалды дұрыс байламай, артымда із қалдырып отырыппын. Мектептен біз келген жолмен әкем үйге қайтқан, ақыры сол із ұрлықтың ізін ашуға көмектесіпті. Осы жолы бір дәнді де жоғалтқым келмеді. Бұрынғыдай қойма сыртындағы тесіктен кірмей, орталық есіктен кірдім. Манағыдай емес, қырманда жұмыс тоқтаған. Қолдарында сыпырғыш, күректері бар, бірен – саран адамдар көрінеді. Күлімсіреп алдымнан күзетші атай шықты:

- Қызым неге келдің, кімді іздеп жүрсің? – деген сұрақ-

тарын қоя бастады. Мен екі қолыммен қыса ұстаған орамалды көрсетіп:

- Ата, мен ұрлаған бидайымды қайта алып келдім. Қайда төгейін, бірақ қуырып қойдық, - дедім. Даусым дірілдеп ұялғаннан жылағым келіп қысылып тұрмын.

- Ата, ата ... мені кешіріңіз, - дедім басымды көтере алмай:

- Енді қайтіп мұндай жамандыққа бармаймын ....

Мені аяп кетті ме, күзетші атай қасыма келіп, басымнан сипады.

- Кімнің баласысын? – деді ақырын ғана.

- Сейтәннің.

- Иә, мектеп директорының ба, қайдан біліп қойды екен, - деп басын шайқап жымыды. Әкемнің қалай біліп қойғанын толық айтып бердім. Осында әкемнің жібергенін де айттым.

- Иә, біздің Секең сондай адам!- деп күлімсіреген қалпында:

- Мына жақын төбенің шетіне төге ғой, - деп жүріп кетті. Төбенің шетіне төгіп, орамалды сілкіп, бүктеп қалтама салдым. Бойымды үлкен қуаныш, мақтаныш кернеп үйге келе жатырмын. Арасында екі қолымды жоғары көтеріп билегендей боламын, айналамын, секіріп, жүгіріп те аламын. Бұл балалық балғын, балдай тәтті шағымның бақытты кезеңі еді.

Сонда қызара батып бара жатқан күн де маған “жарайсың” дегендей болған. Алыстан үйдің алдында тұрған әкем мені анамды көрдім. Екеуіне қарай құшағымды жая жүгіре жөнелдім. Жақын тұрған екеуінің арасына басымды тығып кішкене қолдарымды жая құшақтай алдым. Құшағыма екеуін де сиғызғым келді. Әкем аспанға көтеріп алғанда, өзімді ұшып бара жатқан құстай сездім. Жерде тұрған ата – анам-

ның махаббаты мені бақыттың, адалдықтың аспанына ұшырып жібергендей болып көрінді.

Мен, әжелік жасқа келгенше осы оқиғаны есімнен шығарған емеспін. Төрт балама да әкемнің адалдығын, тазалығын, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін мақтанышпен айтып отырамын. Тағы да ұрпақтарыма өмірімнің соңына дейін әкемнің ұлылығын жыр етіп өтемін. Мен олардың ұлы Атасындай болғанын қалар едім.

---

\* Өзімнен басқа кейіпкерлердің аты өзгертілген.



Ұстаз-әке менің де жасымнан кітапқа құмар  
болғанымды қалаған-ау!



# Әкеме

Кемеңгерім, данышпаным,  
Заманыңнан қалыспадың.  
Ақындық пен ұстаздықтың,  
Туын ұстап ғарыштадың.

Қамын ойлап жас ұрпақтың,  
Жүрегіңнің отын жақтың.  
Әке, аянбадың армандадың,  
Бағын баптап болашақтың.

Туған елің, Балуаннан,  
Ардақтаған ауылыңнан.  
Бұлақ көзін таба білдің,  
Шәкірттерің бауырыңнан.

Әкеңің жақын жолдастарын,  
Әріптесің, қимастарын.  
Еске алып ұрпақтары,  
Ардақтайды ұстаздарын.

Көтерді халық аспанға,  
Алтын жатпай жер астында.  
Халқың сені құрметтеп,  
Тойлауда көрі – жасы да.

Ауылың зор қуанышта,  
Тарады даңқын ғарышқа.  
Атыңды мәңгі сақтамақ,  
Жеткіншек жетіп табысқа.



Ардақты ата-анам

# *Аңсау*

Жыр төгілді қаламымнан,  
Ізледім көл орманымнан.  
Таппадым әке, табылмадың,  
Жас тамады жанарымнан.

Жырларыңды жаттап алған,  
Жүрегінде сақтап қалған.  
Балдырғаны Балуанның,  
Бабаларын таппақ қайдан?

Ол аспаннан күлімдейді,  
Риза болып “Күнім!” – дейді.  
Елімнің тілеп ақ тілеуін,  
Елеп - жебеп жүрмін - дейді!

5 шілде, 2003 жыл  
Көкшетау

# *Сағындым ана*

“Гүләтай”-деп шақырған  
Дауысыңды сағындым.  
Күлімдеп маған қараған,  
Көздеріңді сағындым.

“Ай-күнім” - деп аялаған,  
Алақаныңды сағындым.  
Бар жылуын аямаған,  
Жүрегіңді сағындым.

“Құлыным”,-деп күшақтап,  
Күшқаныңды сағындым.  
Жамандықтан ұшықтап,  
Сасқаныңды сағындым.

Жақсылыққа сүйсінген,  
Сезіміңді сағындым.  
Қате кетсем түйілген,  
Қабағыңды сағындым.

Топ ішінен танытын,  
Жүрісіңді сағындым.  
Еш адамнан сезбейтін,  
Иісіңді сенің сағындым.

Бұл жалғанда көрмейтін,  
Көлеңкеңді сағындым.  
Жыласам да келмейтін,  
Анам сені сағындым.



**Асыл анам мен әпкем Роза.**

# *Төрт шырағым*

Жүрегімнен жарып шыққан,  
Төрт сәулем бар бақыт тұтқан.  
Төбемдегі шырағыммен,  
Жанмын жерге жарық шашқан.

Олар менің ұл – қыздарым,  
Жарық берер - жұлдыздарым.  
Бар байлығы дүниенің,  
Інжу, маржан құндыздарым.

Балғын бал бұлақтарым,  
Өзім еккен бұтақтарым.  
Тереңдесін тамырларың,  
Үзілмесін армандарың.

Тілеймін ана жүрегіммен,  
Жаратушы тәңірімнен.  
“Мақтансын” - деп қазақ халқы,  
Менің, ұлым, қыздарыммен.



Алланың бергеніне шүкір, ұл-қыздарым: Жәннет,  
Жазира, Әлия, Шоқан.

# *Ұлым-әлем чемпионы*

Тамырың тереңінде тектілердің,  
“Ұлым, тегіңе тарт”, - деп тіледім.  
Қабыл болып,бабаның баталары,  
Көріңдің шын басынан биіктердің !

Балапаным, ертерек сұңқар болдың,  
Кемеліңе келмей тұлпар болдың.  
Намыс үшін айқасқан бабалардай,  
Он алтыңда еліңе қамқор болдың !

Күн Шығыстағы, Токия елінде,  
Күнім, чемпион атандың әлемге.  
Жарқырап сәуленді шаша бер,  
Шоқаным, атағың тарап бар елге!





Әлем чимпионы атанып, мерейімді өсіріп,  
төбемді көке жеткізген ұлым Шоқан.

## *Әлияға*

Есінде сақта, құлыным,  
Мәпелеген құндызым.  
Жел мен күннен сақтаған,  
Жарты айдағы жұлдызым.

Жамандыққа оқытпаған,  
Тұмсықтыға шоқытпаған.  
Балапан ең әлпештеген,  
Ұянда ешкім қорқытпаған.

Қыран болып самғадың,  
Қанатың қызым, талмағын.  
Тілеймін тек құсымның,  
Бағына барып қонғанын.

Қиындықтан жасқанба,  
Тағдыр тура тосқанда.  
Ақыл, білім жігермен,  
Арманға жет, аспанда.

Бағала ботам барыңды,  
Белінен басшы бағыңды.  
Бәрінен де пәк ұста,  
Бойыңа біткен арыңды.

маусым айы 2003 жыл

## *Жазираға*

Көкшетаудың жазында,  
Тудың қызым Жазира.  
Туған күнің көп болып,  
Күліп ойнап жадыра.

Ата – ананның ай – нұрысың,  
Сен екі апанның ақ гүлісің.  
“Ағатайлап” томпаңдаған,  
Сен ағаңның күнісің.

Туған жердің сұлулығы,  
Жүрегіннің, жылылығы.  
Бойында болсын құлыным,  
Бабалардың ұлылығы.

## ***Алуаның бір жасқа толғанына***

*(Зейнет апамның немересіне)*

Алуаш, бір деген жасыңа,  
Қосылсын екі ноль қасына.  
Ата –анаң аман боп,  
Ере берсін ұл – қыз қасыңа.

Ерекше бүгінгі көктем,  
Құлпырып нұрын төккен.  
Құтты болсын, ағайың,  
Қуаныш көптен күткен.

Тәй – тәй басып балапан  
Қанат жайып бал – алақан  
Бара жатыр болашаққа  
Бата алып бар халықтан

Немере деген бақ – құтты  
Көргендер қандай бақытты  
Жұғысты болып осы той  
Көрейік қызық – шаттықты

Ашық аспан астында  
Елімнің көрі - жасына  
Жаратқан ием жарлығып,  
Тыныштық орнат басына!

29 наурыз, 2003 жыл  
Алматы қаласы

# *Туған күнімде*

Бүгін анам, туған күнім,  
Күз сыйлады жылы лебін.  
Жан жарыммен ұл-қыздарым,  
Ұсынады раушан гүлін.

Жақындарым-достардан,  
Балаларым-жастардан.  
Жылы лебіз естимін,  
Сыйлы маған қарттардан.

Атқан таңмен күлімдеп  
“Туған күнің бүгін”, -деп  
Бар жақсылық басыма  
Тілеуші едің “күнім”, -деп.

Сол тілегің жетпейді,  
“Қызым”, -деп ешкім өппейді.  
Шіркін, сәбилік шағымды,  
Желде жырлап өтпейді

Көңілімнің көгінде,  
Отырғандай төрімде.  
Жылда туған күнімде,  
Бұрыңғыдай күлімде.

Қысы - жазы гүлдейтін,  
Сезімі лаулап сөнбейтін.  
Жасасын асыл аналар,  
Жүректе мәңгі өлмейтін!

# *Тастамашы!..*

*(Көкек – анаға арналады)*

Кеше келіп өмірге,  
Жылап жатыр бүлдіршін.  
Ана сүтін емуге,  
Бас қозғайды күн үшін.

Теріс қарап жас - ана,  
Қарамайсың балаға.  
Естімейсің дауысын,  
Ұқсап керең адамға.

Кеуденді қатты буасың,  
Сәби сүті кетсің, - деп.  
Арыңды немен жуасың?  
Кірі оның кетсін деп ?!

Жаман ойға уланып,  
Қатуланып сұрланып.  
Тастап туған сәбиді,  
Кетпекпісің ұрланып.

Нелер жыртқыш аңдар да,  
Талай қиын жағдайда.  
Тастамайды баласың,  
Соған қайран қаласың !!!

Аң емес, сен анасың,  
Аялайтын баласың.  
Биік ұста өтінем,  
Адамзаттың жалғасың.

Бала - өмір, бала – күн,  
Аспандағы, қол жетпес.  
Осы сәби – бір адам,  
Тырнағына пұл жетпес!

# Сен менің махаббатым

Әнін жазған: Қайыргелді Исин

Сен менің махаббатым  
Бетке ұстар ар – ұятым  
Сен менің бойымдағы  
Таусылмас күш қуатым > 2 рет

Сен менің асқар тауым  
Ардақты асыл жарым  
Сен менің көңілімде  
Өшпейтін аяулы әнім > 2 рет

Сен менің шам – шырағым  
Жылынар күн шуағым  
Сен менің жүрегімде  
Жалынды жыр шумағым > 2 рет

Сен менің күдіретім  
Мақтанар ксреметім  
Сен менің қолымдағы  
Көк туым көтеретін > 2 рет

Мен сенің сүйенішің  
Демеушің тіреушің  
Бағында ұл – қызынның  
Бағбаның, тілеулесің > 2 рет

1995 жыл, қыркүйек айы.



Ардақтың гүл сыйласа жанын қалай жадырамас.

# **Жырға айналған жылдарым**

*(элегия)*

Қайда кеттің көктемім ?  
Келеді қайта көктегім.  
Жылғалар ағып, жатса да,  
Ерімей қойды – ау көптегім.


Қайда жылы күн шуағым,  
Жастық шақ – жарық шырағым.  
Сәулеңді маған төкпейсің,  
Келеді неге жылағым.

Қайда менің жылдарым,  
Ақ сәулелі тандарым.  
Тастап мені кеттіндер,  
Жаныма жақын жандарым.

Алғашқы терген гүлдерді,  
Құрбымен жүрген күндерді.  
Кездестірмей мен жүрмін,  
Жақын маған жүздерді.

Мәңгілік көктем қанатты,  
Қайрылмай ойды самғатты.  
Жоғалтып алсам өзімді,  
Тағдырдың заңы тым қатты.





Химия институтында қазмет істеп жүрген шак.



Жан-жарым-Жанатыммен.

# МАЗМҰНЫ

Әке .....	6
Қуырылған бидай .....	9
Әкеме .....	19
Аңсау .....	21
Сағындым .....	22
Төрт шырағым.....	24
Ұлым әлем чемпионы.....	26
Әлияға .....	28
Жазираға.....	
Алуаның бір жасқа толғанына.....	29
Туған күнімде .....	30
Тастамашы .....	31
Сен менің махаббатым .....	32
Жырға айналған жылдарым.....	34

## **Әкеме**

Редакторы: Серік Сапарұлы.  
Компьютерде терген: Айжан Ұлықпанқызы.  
Көркемдеуші редакторы: Асхат Шәріпбаев.

Теруге 5.07.2003. берілді. Басуға: 10.07.2003. қол қойылды. Пішімі 60x90<sup>1/16</sup>. Таралымы 500 дана. Баспа табақ 2,5. Тапсырыс:04. Бағасы келісімді.

Кітап Көкшетау Университеті баспасының компьютерлік орталығында теріліп, беттелген және көркемделген.

Көкшетау университеті.  
Көкшетау қаласы, Көктем м/ауданы 1.